

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСТІҢ ШЕШІМІ

Алматы қ.

23 ақпан 2021 ж.

Ғылыми кеңестің төрағасы,

Буянский С.Г. – з. ғ. к., профессор

Ғылыми кеңестің ғалым хатшысы,

Салимбаева Р.А. – э.ғ.к., доцент

Қатысқандар: Ғылыми кеңестің 29 мүшесінің 28-і

КҮН ТӘРТІБІ

1. 2019/2020 оқу жылындағы жұмыс қорытындылары және Ғылыми-ақпараттық орталық – Ғылыми кітапхана дамуының басым бағыттары туралы (баяндамашы: Ғылыми кітапхана – ҒАО директоры Мурзабаева Ж.М.).

2. 2020/2021 оқу жылының күзгі семестріндегі профессорлық-оқытушылық құрамының (КРІ) жұмысын бағалау нәтижелері бойынша Есеп (баяндамашы: Әкімшілік жұмыс жөніндегі проректор, HR комиссиясының төрағасы К.А.Аменова).

3. Университетте шетел азаматтарын оқыту туралы: мәселелері мен келешегі (баяндамашы: Халықаралық даму және серіктестік басқармасының бастығы Ж.О.Сағындықова).

4. Әр түрлі

4.1 «Нархоз Университеті» КЕАҚ халықаралық серіктестерімен бірлесіп ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындайтын халықаралық студенттік зерттеу ұжымдары туралы Ережені бекіту туралы (баяндамашы: ҒЗЖ бөлімінің бастығы А.С.Шенин).

4.2 «Нархоз Университеті» КЕАҚ студенттік ұйымдары туралы Ережені бекіту туралы (баяндамашы: студенттермен жұмыс жөніндегі декан Д.М.Баймуханова).

4.3 Іс-шараларды (конкурстар, эсселер, дөңгелек үстелдер, конференциялар, олимпиадалар) дайындау және өткізу үшін құжаттардың үлгілік нысандарын бекіту туралы (баяндамашы: ҒЗЖ бөлімінің бастығы А.С. Шенин).

4.4 «Нархоз Университеті» КЕАҚ-ның мектеп оқушыларына арналған «Тұрақты дамудың 17 мақсаты» Халықаралық олимпиадасын ұйымдастыру және

өткізу туралы Ережені бекіту (баяндамашы: Құқық және әлеуметтік ғылымдар мектебі деканының м.а. Утеулиев С.К.).

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСТІҢ ШЕШІМІ

1. Ғылыми кітапхана Ғылыми-ақпараттық орталығының директоры Ж.М.Мырзабаеваның 2019/2020 оқу жылындағы жұмыс қорытындылары және «Ғылыми кітапхана» Ғылыми-ақпараттық орталықтың дамуының басым бағыттары туралы Есебі бекітілсін.

1.1 Мектеп декандарына (Д.Д.Гимранова, Юан Симпсон, деканның м.а. С.К.Утеулиев):

1.1.1 2020-2021 оқу жылында пәндерді оқу және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз ету үшін 2021 жылдың 15 наурызына дейін Ғылыми кітапханаға тиісті құжаттарды (өтінім, Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия хаттамасынан үзінді) ұсынылсын.

1.1.2 Білім беру бағдарламаларының пәндері бойынша ҒК ҒАО оқу қорының өзектілігі бойынша аудит 2021 жылдың 5 наурызына дейін жүргізілсін.

1.1.3 2021-2022 оқу жылына арналған ҒК ҒАО бюджетіне ақпараттық ресурстарды енгізу үшін тиісті құжаттарды 2021 жылдың 1 сәуіріне дейін ұсынылсын.

1.2 ҒК ҒАО директоры Ж.М.Мурзабаева:

1.2.1 Кітапхана қызметіне RFID-технологияларын енгізу мәселесіне талдау жүргізісін, 2021 жылдың 15 наурызына дейін Академиялық қызмет жөніндегі проректор орынбасарына (А.Ж.Раимжанова) ұсыныстар берсін.

1.2.2 Университет кітапханасының бетінде бірыңғай іздеу терезесін сатып алу мәселесін пысықтасын, 2021 жылғы 15 наурызға дейін Академиялық қызмет жөніндегі проректор орынбасарына (А. Ж. Райымжанова) ұсыныс берсін.

1.2.3 2020-2021 оқу жылында пәндерді оқу және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз ету бойынша 2021 жылдың 1 сәуіріне дейін мониторинг жүргізісін.

1.3 Осы шешімнің орындалуын бақылау Академиялық қызмет жөніндегі проректор С.Б. Өмірзақовқа жүктелсін.

2. Әкімшілік жұмыс жөніндегі проректор, HR комиссиясының төрайымы К.А.Аменованың «2020/2021 оқу жылының күзгі семестріндегі профессорлық-оқытушылық құрамның (КРІ) жұмысын бағалау нәтижелері бойынша Есебі» бекітілсін.

2.1 Басқарма Төрағасына (С.Г.Буянский) оқу жылының соңына дейін ПОҚ-ның КРІ бағалау критерийлерін қайта қарау ұсынылсын.

2.2 Аккредиттеу және сапаны қамтамасыз ету бөлімінің бастығы (Н.Ж.Шаханова) 2021 жылдың 1 сәуіріне дейін КРІ бағалауды ескере отырып, ғылыми-білім беру департаменттері жүргізген жұмыстарының сапасына талдау жасасын.

2.3 Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Халықаралық даму және серіктестік басқармасының бастығы Ж.О.Сағындықованың «Университетте шетел азаматтарын оқыту туралы: мәселелері мен келешегі» ақпараты назарға алынсын.

4. Әр түрлі

4.1 «Нархоз Университеті» КЕАҚ халықаралық серіктестерімен бірлесіп ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындайтын халықаралық студенттік зерттеу ұжымдары туралы Ережесі бекітілсін.

4.2 «Нархоз Университеті» КЕАҚ студенттік ұйымдары туралы Ережесі бекітілсін.

4.3 Іс-шараларды (конкурстар, эсселер, дөңгелек үстелдер, конференциялар, олимпиадалар) дайындау және өткізу үшін құжаттарының үлгілік нысандары бекітілсін.

4.4. «Нархоз Университеті» КЕАҚ-ның мектеп оқушыларына арналған «Тұрақты дамудың 17 мақсаты» Халықаралық олимпиадасын ұйымдастыру және өткізу туралы Ереже бекітілсін.

Ғылыми кеңестің төрағасы,
з.ғ.к., профессор



С.Г. Буянский

Ғылыми кеңестің ғалым хатшысы,
з.ғ.к., доцент

Р.А. Салимбаева